# Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2005 жылғы 11 қазандағы N 287-ө Өкімі

Қолданыстағы заңнама жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының басшылары Жоспарда көзделген іс-шаралардың іске асырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы өкімнің орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Кеңсесінің Басшысы А.А. Тілеубердинге жүктелсін.

*Премьер-Министр*

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2005 жылғы 11 қазандағы
N 287-ө өкімімен
бекітілген

## Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру жөніндегі іс-шаралар жоспары

| Р/с N | Іс-шаралар | Орындалу мерзімі | Аяқтау нысаны | Жауапты орындаушылар |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |
| 1. | "Қазақстан Республикасы-ның кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының колда-ныстағы заңнамасы жүйе-сін Қазақстан Республи-касы Конституциясының нормаларына сәйкес кел-тіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықты- | 2006 жылғы 1-тоқсан | Заң жобасы | Әділетмині, орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдар |

| | | | | |
|---|---|---|---|---|
| | рулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу | | | (келісім бойынша) |
| 2. | "Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасын әзірлеу | 2006 жылғы 1-тоқсан | Конституциялық заң жобасы | ЖС (келісім бойынша) |
| 3. | "Қазақстан Республикасының кейбір конституциялық заңдарына Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасы жүйесін Қазақстан Республикасы Конституциясының нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының жобасын әзірлеу | 2006 жылғы 1-тоқсан | Конституциялық заң жобасы | Әділетмині, орталық атқарушы және өзге мемлекеттік органдар (келісім бойынша) |
| 4. | Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттардың Конституция нормаларына сәйкестігі мәніне талдау жасау | 2006 жылғы 4-тоқсан | Қазақстан Республикасының Үкіметіне есеп | СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар |

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі;
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі;
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі;
ЖС - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК